

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**T29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**T29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

2. Сондай-ақ, мемлекеттің дамуы үшін маңыздылығына байланысты осы саланы бақылауды толығымен жоғалта алмайды, өйткені халықтың денсаулығы - елдің басты байлығы мен әлеуеті;

3. Барлық медициналық қызметтер, медициналық ұйымдар өздерінің нақты медициналық бағытына байланысты біржақты коммерциялық болып саналмайды.

Медициналық қызметтер нарығы бірқатар жалпы жүйелік және ерекше белгілері бар күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болып табылады. Оның қызметі негізінен халықтың денсаулығын қолдау және нығайту, өлім-жітім деңгейін төмендету мақсатында медициналық қызметтерді өндірушілердің (медициналық қызметтер көрсететін ұйымдардың) және тұтынушылардың (пациенттердің) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе.

Медициналық қызметті жіктеуге сүйене отырып, медициналық қызмет уақыт пен кеңістікте дамитын және белгілі бір кезеңге ие, медициналық көмекті сақтауға, енгізуге және практикалық іске асыруға байланысты барлық жұмыс түрлерін қамтитын элементтердің, процестер мен қызметтердің күрделі жиынтығы деп қорытынды жасауға болады.

Медициналық қызметтер нарығын жүзеге асырудың әртүрлілігіне қарамастан, медициналық қызмет көрсетудің негізгі ұстанымы қоғамымыздағы барлық азаматтардың осы қызмет түрін тұтынуда жалпыға бірдей теңдікпен қолжетімді болуы тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Притворова Т.П. Формирование и развитие социально ориентированной экономики в Казахстане: социальный механизм и институты. - Караганда, 2019. – С. 60.

2. Управление и экономика здравоохранения: учеб. пособие для вузов / под ред. А.И. Вялкова.- 3-е издание. - М.: Гэотар-Медиа, 2019. - 664 с.

3. Зелькович Р.М., Исакова Л.Е., Окушко Н.Б., Фрид Э.М., Бабина С.И., Шейман И.М. Менеджмент в здравоохранении и медицинском страховании: учебник. - Кемерово: Сибформ, 2018. - 276 с

4. Зелькович Р.М., Исакова Л.Е. Экономика здравоохранения: основные понятия: учебник. - Кемерово: СибформС, 2018. - 90 с.

5. Экономика здравоохранения: учебное пособие / под ред. проф. В.З.Кучеренко. - М.: ООО «Фирма «АЙС», 2019. - 144 с.

## **ҚАЛА ҚҰРАУШЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ИНТЕГРАЛДЫ КӨРСЕТКІШТЕР ЖҮЙЕСІ**

**Акбергенова А.К.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., [akbergenova-akmaral@mail.ru](mailto:akbergenova-akmaral@mail.ru)

Қазақстан Республикасының экономикасының дамуында қала құраушы кәсіпорындардың орны ерекше, өйткені оларға жергілікті деңгейлердің қаржылық ресурстары тәуелді, сонымен қатар, олар аймақ тұрғындарына жұмыс орындарын ұсынады және жекелеген аймақтар мен қалалар тұрғындарының өмір сүру сапасы да олардың қызметіне тікелей байланысты. Қала құраушы кәсіпорындардың негізінде әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылым, демалыс және бос уақытты тиімді ұйымдастыру орталықтары құрылады. Соңғы жылдары қазақстандық қала құраушы кәсіпорындардың көпшілігі тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылықты төмендету, қаржыландыру көздерінің шектеулі болуы, өндірістік қуаттылықты азайту және тағы да басқа да нақты жағдайында жұмыс істеуге және дамуды қамтамасыз ету мәселелерін бір уақытта шешуге мәжбүр болып отыр.

Кейбір авторлар қала құраушы кәсіпорындарды халықты жұмыспен қамтамасыз ететін, әлеуметтік инфрақұрылымды қолдайтын, жалпы қаланың әлауқатын қамтамасыз ететін жалғыз кәсіпорын ретінде анықтайды және қала құраушы ұйымдардың қаланың тыныс-тіршілігін, коммуникациялық, әлеуметтік және көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ететін субъект.

Ресейлік авторлар О.А.Смирнова, Ряховская А.Н., М.С.Оборин және т.б. қала құраушы ұйымды экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани компоненттер негізгі болып табылатын елді мекеннің экономикалық және әлеуметтік дамуын анықтайтын көптеген элементтерден тұратын жүйе ретінде қарастырады.

О.А.Смирнова қала құраушы кәсіпорын — бұл елді мекеннің жұмыс істейтін азаматтарының едәуір немесе тіпті негізгі бөлігі жұмыс істейтін өндірістік кәсіпорын, сондықтан ол халықтың жұмыспен қамтылуына, оның инфрақұрылымы мен әлеуметтік проблемаларына шешуші әсер етеді [1].

А.Н.Ряховская "қала құраушы кәсіпорын – бұл тиісті елді мекеннің жұмыс істейтін азаматтарының 25%-ын құрайтын, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық және инженерлік инфрақұрылым объектілері бар, бір әкімшілік аумақтың шекарасында орналасқан, оның дамуына қала әкімшілігі қолдау көрсетуге міндетті және муниципалды бюджеттің құрылуын қамтамасыз ететін кәсіпорын, жалпы қаладғы кіріс бөлігінің кем дегенде 20% мөлшерін қамтиды". М.С.Обориннің айтуынша, қала құраушы кәсіпорын аумақтың өндірістік және қаржылық байланыстарын қалыптастыратын монобейінді муниципалитеттің экономикалық кешенінің құрылымдық элементі болып табылады [2].

Е.О.Дмитриева қала құраушы кәсіпорын үшін келесі тұжырымдаманы қолданады - белгілі бір қала аясында жұмыс істейтін және муниципалитеттің өндірістік-технологиялық, қаржылық-экономикалық және әлеуметтік-еңбек сипаттамаларын анықтайтын кәсіпорын [3].

Қала құраушы кәсіпорын елді мекенде тіршілік ету жағдайларын басым шамада қамтамасыз етеді деп есептейді. Ол жұмыспен қамтуды, демек, халықтың едәуір бөлігінің табыс деңгейін қамтамасыз етеді, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, энергетика мен көлікті салуға, жөндеуге және

күтіп-ұстауға қатысады, мұқтаж адамдарға әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын қолдайды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген (2015 жылдың 9 сәуірінде №10669) Қазақстан Республикасының экономика министрлігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №185 бұйрығына сәйкес қала құраушы кәсіпорын ретінде анықтау үшін заңды тұлғаларға қатысты нақтылы критерийлер айқындалған:

- қалалық өнім көлемінің 14 пайызынан асқанда;
- қаланың еңбекке қабілетті халқы санының 14 пайызынан асқанда [4].

Өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын мониторинг жүргізу арқылы осы жоғарыда көрсетілген критерийлерге сәйкестігін қарастырады.

Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңында «қала құраушы заңды тұлға- өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган бетіктен қағидаларға сәйкес айқындалатын заңды тұлға», - деп берілген.

Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасында 27 моноқала, 41 шағын қала бар. Еліміздің моноқалларындағы халық саны жыл сайын азаюда, 2015 жылы 1447,4 мың адам, ал 2020 жылы 1412,6 мың адам құрайды. Оның ішінде облыстық орталықтармен тығыз байланыстағы 9 моноқаладағы халық саны тұрақты 2015-2020 жж. аралығында (Абай, Ақсу, Кентау, Саран, Текелі, Теміртау, Хромтау, Шахтинск қаллары) тек қана 0,1%-ға ғана азайған. Ал қалған 18 моноқалада облыстық орталықтан алшақ орналасуына байланысты тұрғылықты халық санының азаюы 3,9% құрайтындығы анықталған.

Моноқалаларда орналасқан қала құраушы кәсіпорындарда жұмыс жасайтын адамдар саны 2019 жылы 167,4 мың адам құраса, 2020 жылы 159,9 мың адам болған. 2014 жылы 16 моноқалалардағы жалақы орташа айлық жалақы шамасынан төмен болған, 2019 жылы 12 моноқалада бойынша төмен болған [5].

Жекелеген ғалымдардың көзқарастарын, қолданыстағы заңнаманы талдау нәтижелері қала құраушы заңды тұлғалардың келесі ерекшеліктерін қалыптастыруға мүмкіндік берді:

- моноқаладағы жұмыс істейтін халықтың жалпы санындағы қала құраушы ұйым қызметкерлерінің жоғары үлес салмағы, бұл белгілі бір еңбек құзыреттіліктері мен дағдылары бар еңбек нарығын қалыптастыруға ықпал етеді;

- жалпы өңірлік өнімдегі қала құраушы ұйымдар өнімінің едәуір үлесі;
- қала құраушы ұйымдардың жергілікті бюджетке елеулі үлесі;

- қала құраушы ұйымдардың жоғары әлеуметтік бағдарлануы (табиғи монополия субъектілерінің қызметтерін тұтыну, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін ұстау және т.б.).

Моноқалаларда орналасқан қала құраушы кәсіпорындар кестемен берілген.

**Кесте 1- Қазақстандағы моноқалаларда орналасқан қала құраушы кәсіпорындар**

Моноқала	Қала құраушы кәсіпорындар атауы
1	2
Степногорск	«ТМК «Қазақалтын» АҚ, «СПЗ» АҚ
Хромтау	«Қазхром» ТҰК» АҚ
Текелі	«Суффле Қазақстан ашытқы зауыты» АҚ, «Текелі кенді қайта өңдеу кешені» ЖШС
Құлсары	«РИП-ГАЗ» ЖШС
Зыряновск	«КазЦинк» АҚ
Курчатов	«УМЗ-СЕРВИС» ЖШС, Қазақстан Республикасы энергетика министрлігінің «Қазақстан ұлттық ядролық орталығы» ШЖҚ РМК
Риддер	«Лениногорск полиметалл комбинаты» АҚ
Серебрянск	«Бұқтырма ГЭС» АҚ, «Серебрянск бейорганикалық өндіріс зауыты» АҚ
Жаңатас	«Еврохим Қаратау» ЖШС, «Еврохим Жаңатас» ЖШС
Қаратау	"Talasinvestcompany" ЖШС
Ақсай	«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компаниясы
Балқаш	«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Kazakhmys Smelting» :IC
Жезқазған	«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС
Қаражал	«Өркен» ЖШС-нің «Өркен -Атасу» өкілдігі, «Karazhal Operating» ЖШС
Саран	«Kazcentrelektroprovod» ЖШС, Күзембаев атындағы шахта, «Саран» шахтасы
Сәтбаев	«Kazakhmys distrbution» ЖШС, «Kazakhmys Maintenand Services» ЖШС,
Теміртау	«АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Теміртау электрометаллургия комбинаты» ЖШС
Шахтинск	4 көмір шахтасы, «Құрылысмет» ЖШС
Абай	«АрселорМиттал Теміртау» АҚ, Абай шахтасы
Арқалық	«Алюмений Қазахстана» АҚ филиалы Торғай боксит кеніші басқармасы
Жетіқара	«Костанайские минералы» АҚ, «Комаровское тау-кен кәсіпорны» ЖШС
Лисаковск	«Алюмений Қазахстана» АҚ филиалы Красноярск боксит кеніші басқармасы
Рудный	«Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ
Жаңаөзен	«Өзенмұнайгаз» АҚ
Ақсу	«ЕуроАзиаттық энергетикалық корпорация» АҚ Ақсу ГРЭС
Екібастұз	«Булат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС. «Kaz Minerals Vozshakol» ЖШС
Кентау	«Кентау трансформатор зауыты» АҚ

Сонымен, қала құраушы ұйымдардың мәртебесін анықтаудың қолданыстағы тәсілдерін талдай отырып, қала құраушы заңды тұлғаға тән келетін келесі белгілерді айқындаймыз: - бұл әкімшілік аумақтарда жұмыс істейтін, әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй-коммуналдық және инженерлік инфрақұрылым объектілері бар әлеуметтік-экономикалық жүйе; - жұмыс істейтіндер саны осы аумақтағы барлық жұмыс істейтін барлық заңды тұлғалардың жұмыскерлерінің орташа санының 14%-нан астамын құрайды; - қала құраушы заңды тұлғалардан қалалық бюджетке түсетін салық түсімдерінің үлес салмағы кемінде 15% - ды құрайды және өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі үлесі 50% - дан асады.

## Кесте 2 - Қала құраушы кәсіпорынның тұрақты дамуын сипаттайтын базалық көрсеткіштер

Көрсеткіштер тобы	Тұрақты даму көрсеткіштері
Экономикалық тұрақтылық	Пайда нормасы, %
	Өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың үлесі, %
	Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті, қаржылық тәуелділік коэффициенті, қарыз капиталының коэффициенті
	Өнімнің негізгі түрлерін өндіру, тонна
	Ақаулардан болатын шығындар, %
	Еңбек өнімділігінің өсу қарқыны, %
Әлеуметтік тұрақтылық	Жұмыс уақытын жоғалтулар мен жарақаттану коэффициенті (LTIFR), %
	Өлім жарақатының коэффициенті (FIFR), %
	Кәсіби ауруларды анықтау коэффициенті (ODR), %
	Жазатайым оқиғалар нәтижесінде жоғалған күндер коэффициенті (LDR), %
	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шығындары, теңге
	Қызметкерлер жалақысының өсу қарқыны, %
	Кадрлардың тұрақтамауы, %
	Кәсіпорынның әлеуметтік саясатын іске асыру шығындары, теңге
Экологиялық тұрақтылық	Экологиялық шараларға байланысты шығындар, теңге
	Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының үлестік көрсеткіштері, тонна / мың тонна өнім
	Ағын суларды тазарту деңгейі, %
	Қалдықтарды кәдеге жарату шығындары, теңге
	Қалдықтармен жұмыс істеу көрсеткіштері (пайдалану, залалсыздандыру, бөгде ұйымдарға беру, орналастыру), тонна.



Қала құраушы кәсіпорынның тұрақты дамуын басқаруды ұйымдастыру дәстүрлі түрде экономикалық, әлеуметтік және экологиялық болып табылатын Тұрақты даму көрсеткіштерінің бірнеше тобын бөліп қаратсыруды қамтиды. Бұл мәселені шешу үшін 2-кестеде көрсетілген негізгі көрсеткіштердің жиынтығын қолданған жөн.

Кәсіпорынның тұрақтылық компоненттерін (экономикалық, әлеуметтік және экологиялық) өлшеу, бағалау және жоспарлау үшін абсолютті де, салыстырмалы да көрсеткіштерді қолданған жөн. Көрсеткіштердің саны зерттеу міндеттеріне байланысты өте кең ауқымда өзгеруі мүмкін. Экономикалық тұрақтылықты негізінен өнім мен қызметтердің пайдасы мен өзіндік құнына қатысты көрсеткіштер сипаттайды. Сонымен бірге, бұл көрсеткіштердің құрамын қаржылық көрсеткіштер, кәсіпорынның дағдарыс жағдайының көрсеткіштері, жоғалған пайда көрсеткіштері және де оларды кеңейтуге де болады.

Кәсіпорынның тұрақты дамуын бағалаудың осы әдістемесін қолдану:

- кәсіпорынның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылығының нақты шамасын өлшеу;
- әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі тұрақтылыққа салыстырмалы бағалау жүргізу;
- ішкі жүйелер мен тұтастай кәсіпорынның тұрақтылығына теріс әсер ететін факторларды анықтау;
- кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын негізді бағалау;
- кәсіпорынның даму мақсаттарына сәйкес келетін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық қызмет бағыттарын анықтау;
- басқару субъектілері жұмысының тиімділігін объективті бағалау.

Көрсетілген іс-шаралар тұрақсыздандырушы факторлардың қауіп-қатер дәрежесін уақтылы анықтау мақсатында қала құраушы кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасындағы өзгерістерді тұрақты бақылауды және кейіннен даму тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және кәсіпорын басшылығының енгізуі мақсатында тұрақты бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Развитие моногородов России: монография/ коллектив авторов под ред. д.э.н. Н.Н.Ильиной М.: Финансовый университет, 2013. 168с.
2. Ряховская А.Н., Кован С.Е., Крюкова О.Г., Арсенова Е.А. Оценка эффективности государственных программ, реализуемых в моногородах // Проблемы современной экономики. 2013. № 1 (45). С. 126–131.
3. Дмитриева Е.О. Государственная поддержка моногородов РФ в условиях восстановления экономического роста // Интернет-журнал Науковедение. 2017. Т. 9. № 1 (38). С. 2.
4. Қазақстан Республикасының экономика министрлігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №185 бұйрығы/Егемен Қазақстан, 30.07.2015 ж., №143 (28620).



## **ОСОБЕННОСТИ РЕФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ахтаева С.М.**

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Казахстан, г. Нур-Султан  
[sauleahtaeva@mail.ru](mailto:sauleahtaeva@mail.ru)

Здоровье населения страны является одним из основных показателей уровня жизни населения. Если затронуть период СССР, то в здравоохранении функционировала государственная «Модель Семашко». После провозглашения независимости в Республике Казахстан начался процесс реформирования и совершенствования системы здравоохранения, который продолжается и в наши дни. За последние 30 лет в здравоохранении Республики Казахстан произошли следующие изменения:

1) 10 января 1992 года был принят Закон Республики Казахстан №1107-ХІІ «Об охране здоровья народа в Республике Казахстан», в котором представлены разработанные правила, регулирующие отношения в сфере медицинского страхования и был установлен гарантированный объем медицинской бесплатной помощи.

2) 15 июня 1995 года принят Закон «О медицинском страховании граждан», а 29 сентября того же года был создан Фонд обязательного медицинского страхования граждан. В 1998 году Фонд обязательного медицинского страхования был ликвидирован. За данный период в системе здравоохранения были положительные результаты, в частности внедрены методы оплаты за предоставление медицинских услуг, было положено начало формированию информационной базы, был усилен контроль за качеством предоставления медицинских услуг и развитию договорных отношений.

3) В 1998 году была утверждена «Государственная программа «Здоровье народа». Цель Программы заключалась в улучшении состояния здоровья населения Казахстана путем разработки и реализации краткосрочных, среднесрочных и долгосрочных планов мероприятий, способствующих скорейшему выходу здравоохранения на качественный новый уровень предоставления медицинских услуг населению [1, с.13].

Положительным результатом данной Программы было: создание системы финансирования и алгоритма оформления государственного заказа, утвержден перечень гарантированного объема бесплатной медицинской помощи. При этом, отрицательным моментом является утвержденная схема финансирования, которая не позволяла внедрять новшества рыночной экономики.